



№29 «Ай- Керім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:
А.И. Хожамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі «Қызықты ойыншықтар»



«Шұғыла» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Манашева.А

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тобы: «Шұғыла» ортаңғы тобы

Білім аумағы: Таным, Қатынас, Шығармашылық, Әлеумет

Білім бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, Көркем әдебиет, Сурет салу, Мүсіндеу.

Өтілетін күні:

Тақырыбы: Қызықты ойыншықтар

Мақсаты: қарапайым математикалық ұғымдарын естеріне салып сенсорлық қабілеттерін дамыту, татулыққа, достыққа мейірімділікке тәрбиелеу. Баланың ақыл ойын дамыту, абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заманталабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Міндеті: Ойлау, тыңдау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге, тапсырманы ынтамен дұрыс орындауға, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. Балаларды ұжымшылдық пен өз мақсатына жете білуге тәрбиелеу. Балалардың ойлау іскерліктерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: Слайдтар, суреттер, таратпа құралдар, үлгі суреттер ертегі кейіпкерлері, электронды киіз үй, Музыка ұнтаспадан

Блингвалдық компоненттері: буратина мысық- кошка, түлкі- лиса- fox

Инклюзивтік әлеумет: Элинаны өзіме жақын тартып ертегіге қызықтырам

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Мотивациялық қозғаушылық кезең	Тілек шеңбері « Ай-Керім» аты бақшаның Тәрбиелі баласы Ең алдымен қонақпен Сәлемдесіп алады. Тілек шеңбері Аспанда күн ыстық Ал жерде кім ыстық? Әке мен шешеміз Сүйікті тым ыстық. Жасасын туыстық. Достық пен тыныштық. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінің ерекшелігі қандай? Проектордың көмегімен қыс бейнесіне назар аударайық. Қыс мезгілінің айларын еске түсірейікші. Үш тілде қайталайықшы.	Тілек шеңберінде тұрып барлығы бірге өлең шумақтарын айтады. Қазір жылдың қыс мезгілі. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

«Сиқырлы қаламның» көмегімен тексеріп көрейікші ендеше.

Ұйымдастырушы –
ізденушілік

Қыс туралы тақпақтарды есімізге түсірейікші.
Далада қар борайды.
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады,
Жып-жылтыр боп жатады.

Қандай суық қыс деген?
Қалтырайды қыс деген.
Құлақшынды кимесен,
Құлағыңды тістеген.

-Енді барлығымыз тақтаға назар аударайықшы.



Тақтадан

Буратинаның суреті көрсетіледі.
Топқа әуенмен

« Буратинаның » желуімен ғажайып сәт
ұйымдастыру.

-Сәлеметсіңдерме балалар.

-Балалар, мені папа Карло ағаштан жонып жасап
еді. Мен мына сәйкес түстерді таппай қиналып
жатырмын.. Сендер маған көмектесесіңдер ме?

Буратинаның Тапсырмасы:

Д/о: « Сәйкес түстерін қос»

Буратинаға таңқала
қарап қалады.

- Ия көмектесемі:



Таратпа құралдар арқылы түстеріне сәйкес суреттерді каламның көмегімен қосады.

Таратпа құралдар арқылы түстеріне сәйкес суреттерді каламның көмегімен қосу керек.

-Көрдін бе, Буратина біздің балалар түстер туралы жақсы біледі екен.

-Ал сіздің балаларыңыз пішіндерді біле ме?

Ия біледі

Әрине біледі. Д/О : «Не керек? »

Балалар, Мына текшеде қыс мезгіліндегі балалардың іс- әрекеттері бейнеленген. Қазір мен текшені аспанға лақтырып айналдырам, сендер «бір, екі, үш, текше маған қарап тұс» - деп айтқанан кейін, текшенің түскен бетіндегі , текшедегі суреттер туралы әңгімелейміз.

Текшенің бір бетіндегі суретте түлкі мен мысықтың бейнелері шығады.

Жарайсындар балапандарым, менің . Көрдінбе Буратино біздің балалар қандай білгіш.

Рефлексивті-
түзетушілік

Музыка әуенімен ертегі кейіпкерлері мысық пен түлкі шығады.

-Сәлеметсіздер ме балалар. Жаңа сендер өлең жолдарын айтқан кезде мен туралы айттыңдар ма. Менің құлағым түлкі деген сөздерді естіп қалды.



Түлкі: Балалар сендер Буратинаны көрдіңдер ме? Оның қолында алтын теңгелер бар екен.

Балалардың сөзі :

-Сен әуелі біздің тапсырманы орындап көрші содан кейін айтамыз Буратинаның қай жерге жүргенін.

Түлкі: Сол да сөз боп па . Мен қазір -ақ ол тапсырмаларыңды орындап беремін.

« Логикалық сұрақтар»



Бес алманың үшеуін
Досың сұрап алады,
Айтшы сонда нешеуі,
Өз қолыңда қалады?

-Сәлеметсіңдер ме?

-Ия түлкі деген сөздерді айттық

Тапсырманы қызыға ойнайды

Ойынды қызыға ойнайды

Ия ойнаймыз.



Үйге кірді Алдияр,
Оған қоса Мадияр,
Кейін келді Айдана
Қанша болды бар бала?

Қолғапта неше саусақ бар?



Дөңлектің бұрышы болама ?

Үшбұрыштың неше бұрышы бар?



Біздің топта балалар көп пе, аз ба?
Дұрыс таптындар , балақайлар

Түлкі :-Балақайлар мен тапсырмаларды ойланып отырсам қиын екен. Орындай алмайтын сияқтымын. Сендер өте жылдам ойлай алады екенсіңдер .

Тәрбиеші:
Біздің балалар тапқыр да білімді .

Мысық: Балалар Буратинаның қайда кеткенін айтпадыңдар , ендеше оң жаққа ма , жоқ сол жаққа кеткенін айта салыңдаршы біз өзіміз ақ тауып аламыз ия түлкі мияу.

Тәрбиеші : Балалар біз мысықпен ойын ойнап бір сергіп алсақ қалай болар екен.

Сергіту сәті: «Тышқанды жасыр»



Ойынды қызыға ойнайды.

Сергіту сәтін зор ықыласпен орындайды.

Ойын шарты:
Мышки в норках сидят
И на котика глядят,
Коготками пол скребут.
-Ах, как много мышек тут.
-Тыше, мыши, кот идет.
Он вас всех подстрелит.

(Кот выходит, обходит норки, громко мяукает.)

-Котик мышек не нашел,
Погулял и спать пошел.
Только котик засипает,
Мышки пляску начинают.

Ой, балалар біздің Буратиномыз сергіп қалды
ғой бізбен бірге ия

Сергіту сәтін жасайды



Мысық:

Балалар мен Буратиноның іздеген алтын
кілтінің қайда жасырынғанын білемін. Ол үшін
бәріміз бірігіп мына тапсырманы орындасак
кілтіміз табылып қалатын шығар.

«Кім шапшаң»

Суретпен жұмыс:

Ақ –қара



Қалың-жұқа

Үлкен- кіші



Күн-түн

Жуан –жіңішке қысқа ұзын

-Жарайсындар балалар. Бүгін сендер керемет
білімдерінді өнерлерінді байқаттындар .

Буратиноны мысықпен түлкімен достастыру
үшін оларға ұнайтын жақсы көретін балақпен
тышқанды жасап береміз бе ?

Енді барлығымыз бірге шығармашылық
алаңына барсақ қалай қарайсындар.

Ол үшін Мысық Түлкіні кім ұнатса сол балалар жақсы көретін кейіпкерінің суретін алсып және сол кейіпкерлермен бірге шығармашылық алаңына барсын.



Түлкінің шығармашылық алаңында: Түлкі балықты жақсы көретін болғандықтан «Балықты құрастырамыз.»



Мысықтың Шығармашылық алаңында: «тышқанды жасаймыз.»



Ия, мысыққа тышқанды, ал түлкіге балақны жасап береміз

Балалар қызыға шығармашылық жұмыстарды жасауға кіріседі.



Жарайсындар балалар . Балалар сендер осындай көптеген өнерді білімді үйде отырсандар үйрене алар ма едіңдер?

Олай болса бәріміз бірге « Кел, кел досым бақшаға» әнін айтайықшы .

Қандай жақсы ашық сабақ болғаны,
Білім нәрі жүрекке кеп қонғаны.
Біз білімді болып шықтық, мінекей
Апайымның орындалып арманы.

Есеп санды жадымызға тоқыдық.
Әріп танып сауат ашу оқыдық.
Апайымыз қайталайды әр күнде
Жалақпайық , балалар –ау, оқылық.

Слайдпенен сабағымыз ажарлы.
Уақыт таяп, ашық сабақ осыменен тәмәмді.

Балалар біз бүгін не істедік?
Жылдың қай мезгілі?
Бізге қонаққа нелер келді?
Бүгінгі іс-әрекет сендерге ұнады ма?

« Кел, кел досым
бақшаға» әнін
шырқайды

Сұрақтарға жауап
береді

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: ойындардың аттарын шарттарын біледі

Қалыптасқан түсініктер: ойнай отырып ойланып жұмыс істеу керек екендігін түсінді.

Орындаушылық қабілеті: Тапсырманы бірлесе орындайды, бір-біріне достық сезімі артады, ойлау қабілеті, саусақ бұлшықеті дамиды,



